

Паспорттар, жеке куәліктер мен азаматтық хал актілеріндегі Қазақстан Республикасы азаматтарының ұлты туралы жазбаны өзгерту Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 17 тамыздағы N 684 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 2 маусымдағы № 326 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.06.2016 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақ КСР Неке және үйелмен туралы Кодексінің 63-бабын толықтыру туралы" 1992 жылғы 26 маусымда қабылдаған Заңына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Паспорттар, жеке куәліктер мен азаматтық хал актілеріндегі Қазақстан Республикасы азаматтарының ұлты туралы жазбаны өзгертудің ұсынылған Е р е ж е с і б е к і т і л с і н .

Ескерту. Тақырып пен 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.14 N 140 қаулысымен.

2. Азаматтардың паспортындағы және жеке куәлігіндегі ұлты туралы жазбаны өзгертуді олардың жазбаша өтініштері бойынша берілген арызының негізділігін растайтын тууы туралы куәлік пен басқа құжаттардың негізінде ішкі істер органдары бір рет жасайтын болып белгіленсін.

Азаматтық хал актілеріндегі ұлты туралы жазбаны өзгертуді АХАТ органдары азаматтың өтініші негізінде ол қажетті құжаттарын бергеннен кейін жү р г і з е д і .

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.14 N 140, 2011.06.30 N 736 Қаулыларымен.

2-1. "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңына сәйкес берілетін ақтау туралы анықтамалар негізінде Қазақстан Республикасының аумағына қуғын-сүргін кезеңінде күштеп қоныс аударылған Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттарындағы, жеке куәліктері мен азаматтық хал актілеріндегі ұлты туралы жазбаны өзгертуге ерекше түрде рұқсат етілсін.

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.02.14 N 140 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі қолданылып жүрген ведомстволық актілерді осы қаулымен сәйкестендіретін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 17 тамыздағы
N 684 қаулысымен
Бекітілген

**Паспорттар , жеке куәліктер мен азаматтық хал
актілеріндегі Қазақстан Республикасы азаматтарының
ұлты туралы жазбаны өзгерту**

Ережесі

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.14 N 140 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақ КСР Неке және үйелмен туралы Кодексінің 63-бабын толықтыру туралы" 1992 жылғы 26 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының бұрын таңдаған ұлтын ата-анасының бірінің ұлтына өзгертудің мынандай тәртібі белгіленсін:

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының паспортындағы және жеке куәлігіндегі ұлты туралы жазбаны өзгертуді ішкі істер органдары жүргізеді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 N 736 Қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасы азаматының паспортындағы немесе жеке куәлігіндегі ұлты туралы жазбаны өзгерту туралы өтінішті арызданушының тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органына міндетті мынадай құжаттармен қоса

береді :

1) екі фотосуреті ;

2) тууы туралы куәлігі ;

3) айырбастауға жататын Қазақстан Республикасы азаматының паспорты немесе жеке куәлігі .

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 N 736 Қаулысымен .

3. Ұлты туралы жазбаны өзгерту жөніндегі өтініш негізді болған жағдайда ішкі істер органы тарапынан ұлты өзгертілген Қазақстан Республикасы азаматының жаңа паспортын немесе жеке куәлігін беру туралы қорытынды жасалады, оны ішкі істер органының бастығы бекітеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 N 736
Қ а у л ы с ы м е н .

4. Өтініш иесінің тууы туралы куәлігіне ұлтының өзгеруіне байланысты Қазақстан Республикасы азаматының жаңа паспорты немесе жеке куәлігі жаңа паспорт берілгені туралы белгі қойылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.14 N 140
қ а у л ы с ы м е н .

5. Ф-1 өтінішінде Қазақстан Республикасы азаматының паспортын немесе жеке куәлігін айырбастау себебі және соның негізінде Қазақстан Республикасы азаматының паспортындағы немесе жеке куәлігіндегі ұлты туралы жазба өзгертілген туу туралы куәліктің нөмірі көрсетіледі.

Егер бұрын Қазақстан Республикасы азаматының паспортын немесе жеке куәлігін басқа ішкі істер органы берген болса, оған Ф-1 өтінішінде белгі қою үшін Қазақстан Республикасы азаматының жаңа паспортының немесе жеке куәлігінің берілгені туралы хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.02.14 N 140, өзгеріс енгізілді - 2011.06.30 N 736 Қаулыларымен.

6. Азаматтық хал актілеріндегі ұлты туралы жазбаны өзгертуді АХАТ органдары жүргізеді.

Ұлты өзгертілген Қазақстан Республикасы азаматының паспортын немесе жеке куәлігін алғаннан кейін некеде тұрған немесе балалары бар азамат некеге тіркелген және балалары дүниеге келген жергілікті жер бойынша АХАТ органдарына немесе өзінің тұрғылықты жері бойынша АХАТ органдарына азаматтық халдың тиісті акті жазбасындағы ұлты туралы мәліметке өзгеріс енгізу және жаңа құжаттар алу үшін өтініш беруге тиіс.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.14 N 140
қ а у л ы с ы м е н .

7. Жоғарыда аталған өзгерістерді АХАЖ органдары қорытынды жасамай-ақ азаматтың өтініші, Қазақстан Республикасы азаматының паспорты немесе жеке куәлігі, ұлты өзгертілген Қазақстан Республикасы азаматының жаңа паспортының немесе жеке куәлігінің берілгені туралы ішкі істер органының анықтамасы және айырбастауға жататын куәлік негізінде енгізеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 N 736
Қ а у л ы с ы м е н .

8. АХАТ-тың аудандық, қалалық, қаладағы аудандық бөлімдері (бюро) өзгерістер енгізгеннен кейін дәл осындай өзгерістерді актілік жазбалардың екінші даналарына енгізу туралы хабарлар АХАТ-тың облыстық, Алматы қалалық архивтеріне жіберіледі.

9. Азаматтардың паспортындағы және жеке куәлігіндегі ұлты туралы

жазбаны өзгерту жөніндегі даулар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

Ескерту. ҚРМК-нің 1993.01.12. N 31 қаулысын қараңыз.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.14 N 140 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК